

ЭОЖ 811.58

Р.Ө. Досымбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: rauan-d@mail.ru

Қытай тіліндегі сандық жүйенің қалыптасуы

Аңдатпа. Бұл мақалада Ежелгі Қытай еліндегі нумерологияның шығу тарихы туралы айтылған. Мақала мазмұнында 1-ден 10-ға дейінгі сандарға жеке-жеке тоқталып анықтама берілген және мысалдар келтірілген. Қытай мемлекетіндегі сандардың пайда болуы туралы ғалымдардың, ойшылдардың айтқан сөздерін негізге ала отырып, Қытай нумерологиясының даму тарихына жалпы сипаттама береді. Сол арқылы Қытай нумерологиясының даму тарихы нақты мәліметтермен тиянақталып, қызықты мағлұматтармен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: Нумерология, Пифагор, цифр, аспан, жер, таңба, сан, даос, планета, Жалғыз мүйіз, Феникс, Панголин, Вавилон.

Көне дәуір кезінде әріптер болмағандығы белгілі. Адам баласы өзінің ойын, сөзін жартастардың, үңгір қабырғаларының, тастардың беттеріне салған суреттері арқылы білдірген. Күнделікті өмірімізде қолданылатын сандар шамамен бұдан 1500 жыл бұрын Үндістанда пайда болған деген деректер бар. Қытай ғалымдарының пікірінше санды білдіретін таңбалар жарық көрмей тұрып, адамдардың өз ойын дыбыспен, дене мүшелерінің қимылымен білдіретін әдістері дүниеге келген, кейіннен барып олар сызып, таңбалау жүйесін қалыптастырады. Егер дыбыспен, қолдың қимылымен білдіретін болмаса, санның таңбалары қайталанып, ешқандай мағынасы жоқ өзгерістер ретінде сақталар еді, тіпті тану да қиын болар еді.

Жалпы нумерология саласын зерттеген ғалымдардың ойынша, әр адамның жаны өзінің нумерологиялық кодымен тікелей байланысты. Ол кодты шеше білген адам өз тағдырының толық иесі бола алады деп түсіндірілген. Санның жазбаша жазылуы Қытай мәдениетімен өте тығыз байланысты болғандықтан ол тек таңбалауға ғана емес, қытайлардың тұрмыстық өмірімен де тығыз байланысты деуге болады.

Кейбір деректерде ең алғашқы сандар, яғни цифрлар б.з.д. екі мың жылдықта болыпты. Тарихқа жүгінсек, дерек көздері сандардың ежелгі Вавилонда қолданылғанын айғақтайды. Ол кезде сандар 1 мен 0-ден ғана тұрған. Бірлік,

ондық, жүздікті құрайтын санақ жүйесі болады да, кейіннен атақты ойшыл Пифагор сандарды 1-ден 9-ға дейін қысқартқан. Бірнеше бірліктерге бөлген. Ол өз шәкірттеріне сандар әлемді билейді деп үйреткен. Оған қоса күллі әлем жаратылысының құпиясын сандар арқылы жасырылған кодтың шешімін табу арқылы түсінуге болады деп тұжырымдайды. Әрбір сан, цифрдың түбінде қандай да бір ой, идея жатқандығын білдіреді. Сол идеяның мән-мағынасын түсіну үшін ғалымдар арнайы ғылым-нумерологияны ашқан. Нумерология арқылы әр санның шығу төркінін, мән-мағынасын, оның адам өміріне деген әсерін ұғынуға болады. Қарап отырсақ, әркімнің өзі сенетін бақытты және бақытсыз сандары болады. Біреудің бақытты саны – 13, бақытсыз саны – 9 делік. Мұндайға шын көңілімен сенетіндер айдың 13-і күні кез келген ісін сенімділікпен іске асырады. Ал, 9-ы күні әр қадамын абайлап басып, тіпті үйден шықпай, төрт қабырғаның ішінде күні бойы қамалып отырып алатындар да бар. Сөйтіп, ол 13 саны байқалған жерде бағытталса, 9-дан үнемі сақтанады. Жеке адамды қойшы, мұндай құбылыстарға жаппай халық боп сенетініміз де бар емес пе? Өзіміздегі «жеті қазына», «ер кезегі үшке дейін», «сәрсенбінің сәтті күні» ұғымдары, орыстардың «қасиетті үштігі», америкалықтардың естігенде жандары түршігетін, күні бойы үреймен өткізетін «айдың

13-дегі жұмасы» тағы басқа түсініктер жоғарыда айтқанымызға дәлел бола алады. Осы наным-сенімдер мен ырымдар бізге де, басқаларға да ерте кезде өмір сүрген ата-бабаларымыздан жеткен. Көзбен көріп, қолмен ұстап көрмесе ештеңеге сенбейтін бүгінгінің жастары үшін бұл өткен ғасырлардың мәдениеті ретінде қабылданады. Дегенмен мұндай сенімдерді әлі күнге дейін жас-кәрісі қосыла, түгел құрметтейтін ұлт, жалпақ жұрт бар. Олар салт-дәстүр мен наным-сенімге бай – қытай халқы.

Ежелгі Қытай елінде нумерологияға ерекше көңіл бөлінген. Даостық ілімді ұстанған қытай ғұламалары жер жүзі үш бастаумен басқарылады деп сенген. Олар – жұлдыздар, шамшырақ және сандар. Кейбір нумеролог ғалымдардың пікірінше, планеталар циклі сандарға байланысты құрылған. Түрлі табиғи құбылыстар, мемлекеттердің, материктердің орналасуы, тіпті дыбыс, түс, сезім түрлері де сандарға байланысты бөлінген екен [1,50 б.]. Сонымен қатар империя ішіндегі император сарайының салынатын орны, император мен оның қызметшілерінің міндеттері де сандардың қасиетіне орай анықталған. Адам өміріне, жалпы, айналадағы қоршаған ортаға әсер ететін цифрлардың ішіндегі ең құрметтісі 12 болған. 12 жыл, 12 ай, 12 жануар... тағы басқалар. Осы 12-ге дейінгі сандардың әрқайсысының да қытайлар үшін қасиеті, мағынасы зор. Сол он екі санның ішінен бірден онға дейінгі сандарды таныстырып өтейік.

1 саны. Бұл – Даос ілімін ұстанғандар үшін жасампаздық саны. Қандай да бір құбылыстың, тіршіліктің, әлем жаратылысының бастауын білдіреді. Қай тілде болсын, бірлік сөзінің түпкі түбірі саналады. Адам өмірін басқаратын, әр пенде ұмтылатын сан 1 болып есептеледі. 12 санның циклінде бұл цифр «жаңа туған нәресте» мағынасын білдіреді. Даостық ұғымда «бірлік тынысы», «рух үйі», «барлық тіршіліктің ортасы» мағынасын аңғартады [2,48 б.]. 1 саны шырша ағашымен де теңестірілетін жағдайлар кездеседі. Жаймен болса да басқалардан биік, көркем боп өсіп, ұзақ жыл сақталып, кез келгеннің көзіне жоғарыдан, алыстан-ақ ілінеді. 1 санының омонимдері «намыс», «ұтыс» болып саналады.

2 саны – қосылу, толықтыру символы. Даостық ұғымда Жер мен Аспан, адамзат ұрпағын жалғастыратын еркек пен әйелдің киелі

одағы, ақ пен қара, жарық пен қараңғылық, күн мен түн, жер шарының тепе-теңдігін сақтап тұратын екі энергия: «инь» мен «янь» ұғымдарын білдіреді [2,68 б.]. Өсу мен дамудың белгісі, 12-лік цикл бойынша өсіп келе жатқан ұрпақ болып саналады. Юпитермен басқарылады. Бамбук ағашына теңеледі. Өсу жылдамдығы өте тез, қолданылу мүмкіндігі өте кең әрі «Оңай» сөзінің омонимі ретінде қолданылады.

3 саны көптеген елдердегідей бұл да қасиетті сан болып есептеледі. Бір мен екінің қосындысы ретінде қандай да бір істің бастамасын да, жалғасын да білдіреді. Қытайларда үш саны біраз құбылыстың символикасы болып табылады. Жарықтың үш көзі – Жұлдыз, Күн, Ай. Үш бастау – Аспан, Жер, Адам. Үш жер – қасиетті жер, ақиқат жер, шексіз өмір жері. Отбасының негізгі үш элементі – еркек, әйел, ұрпақ. Үш бағыныштылық – патша мен қызметкер, әке мен бала, күйеу мен әйел. Қытайлардың ең қалаулы үш арманы – ұзақ өмір, мол байлық, көп ұрпақ. Қытайлар тұтынған негізгі үш дін мен ілім – конфуцийлік, даосизм және буддизм. Марс арқылы басқарылады. Жалынға теңеледі. Мінезі болжаусыз, қызуқанды, тынымсыз келеді. Қандай да бір жаратылысты тудыра да, жоя да алады. «Өсу» сөзінің омонимі қызметін қоса атқарады [3,74 б.]. Ал қытай мәдениетінде үш пен бірге келетін сөздер өте көп:

Үш дәуір: 1) “San Dai” Xia , Шаң, Жоу осы үш дәуір.

2) “San Dai ” Ата, әке, бала бұрын атасының әкесін, одан кейін атасы соңында әкесін, осы үшеуін айтатын.

“San Gong” Үш гуң: олар Ши Хан дәуіріндегі Цы ма, Цы ту, Цы қоң, осы үшеуі үш гуң деп аталған.

“San Su” Үш су: олар солтүстік суң дәуіріндегі проза жазушылар Су Чун мен оның баласы Сушы және Су Ши.

“San Cai” Үш мықты: олар адам, аспан, жер.

“San Guang” Үш жарық: ай, күн, жұлдыз.

Қытайдың көне дәуірінде «үш» деген көп деп білген. Мысалы: “San ren xing bi you wo shi” «үш адам жүрсе мен оның ұстазымын» бұл сөйлемнің мағынасы көп адамдардың ішінде мен олардан білімім жоғары.

“San Zai” Үш апат: олар су апаты, от апаты, жел апаты.

Қытайлардың үйлену тойында «үш» санына қатты мән берген. Оны біз мынадан көре аламыз.

Үйлену тойында тағзым ету дәстүрі бар, яғни сәлем салу. Кімге сәлем салу керек екенін той басқарушы айтады. Ең алдымен, аспан мен жерге тағзым жасайды, онда үйленген ержігіт пен жаңа түскен келін екеуі де иіліп тағзым жасайды. Екінші ретте үлкендерге иіліп тағзым жасайды. Үшінші ретте бір-біріне тағзым жасайды. Үш рет тағзым жасап болған соң, жаңа отауға кіреді. «yi jing» кітабында үш көп жерде қолданылған. Жиыны 21 рет қолданылған.

Ал қытайдың көп жерлерінде қайтыс болған, яғни дүниеден өткен адамның сүйегін үш күн сақтап, содан соң жер қойнына береді. Бір жылда тек төрт мезгіл болғанмен, әрбір мезгілде үш айдан болады. Ал қытайлар осы әрбір айдың өзін үшке бөліп қараған. Айдың басы, айдың ортасы, айдың аяғы деп көктемді үшке, жазды үшке, қысты үшке бөлген.

Көктемді үшке бөліп және әр біреуіне әр түрлі ат берген: «meng chun», «zhong chun», «ji chun». Үшке бөліп жазға да ат берген: «meng xia», «zhong xia», «ji xia». Үшке бөліп күзге де ат берген: «meng xiu», «zhong xiu», «ji xiu». Үшке бөлген қысқа да ат берген: «meng dong», «zhong dong», «ji dong». Сонымен бірге халық арасында «Тоңсаң үш тоғызда тоңасың, ыстықтасаң үш шілдеде ыстықтайсың» деген таным кең тараған.

4 саны – қытайлардың үрейін ұшыратын әрі жақсы көрмейтін сан. Олар 4 саны бар жерге жоламауға тырысады. Өйткені бұл – «өлім» сөзінің баламасы ретінде танылғандықтан деп түсіндіруге болады. Шынымен де қытайлар осы санды көп қолдана бермейді. Тіпті кейбір биік ғимараттардан 4 және 14 нөмірлі қабаттарды таба алмайсың. Сонымен, 4 қасірет саны болып саналады [4, 90 б.]. Дегенмен бұл санның да өзіндік мағынасы зор. 4 мифологиялық бастаманы білдіреді: Жер, Аспан, Күн және Ай. Жылдың 4 мезгілі бар. 4 мифологиялық жануар бар – Жалғыз мүйіз, Феникс, Панголин және Айдаһар. Жарықтың 4 көзі бар – жұлдыздар, планеталар, Күн мен Ай. Қандай да бір сандармен байланысты бал ашу кезінде төрт саны шықса шенеунік немесе офицерлік ұғымын білдірген. Яғни бал аштырған адамның қызметінің өсу барысы осы бағытта өрбімек. 4 саны шамға да теңестіріледі. Бір қалыпты жарық, ішінде жалын болса да, сырты жаймашуақ [4,81 б.]. Кейде бал аштырған адамның қызметінің өсуі барысы осы бағытта өрбиді деген дүниетаным қалыптасқан.

Қытайлар төрт санын жақсы көрмейді, өйткені оның дыбысталуы, қытай тіліндегі «өлім» иероглифінің дыбысталуымен бірдей. Сондықтан қытайлар төрт санын өте жақсы көрмейді. Қытайдың көне заманында адамдар төрт санын ондай жек көрмеген. Мұндағы себеп, қоғамның дамуы мен, техниканың жаңаруына байланысты адамдар барған сайын тұрмыста санды көп қолданады. Мысалы, телефон нөмірі, машинаның нөмірі, т.б. Ал төрт санының оқылуы мен қытай тіліндегі «өлу» сөзінің оқылуы бірдей болған соң, адамдар телефон нөмірін, машина нөмірін таңдағанда соңғы санын «төрт» болғанын қаламайды. Әсіресе 14 болған жағдайда тіптен бас тартады. Оның мағынасын «өлем» деп түсінеді. «514» бұл саннан да бас тартады, оның мағынасы «мен өлем» одан басқа 44, 444, 4444 т.б. сан бұлардың бәрінен бас тартады. Бірақ қазіргі қытай жастары «төрт» санын хат жазғанда көп қолданады, олардың ойынша «төрт» санының оқылуы «өмір» және «ма» деген мағынамен түсінеді. Мысалы 1314 «бір өмір», 0451 «сені мен алам», 0594184 «сен менің бір өмірімсің» т.б.

5 саны – аса құрметті сан. Жоғарыда айтылған төрт бастаманың ортасында орналасып, жан-жағын басқарып тұрады. Айналадағы болатын барлық құбылыстар мен өзгерістерді қадағалайды деп саналатын негізгі бес планета бар – Меркурий, Венера, Марс, Юпитер және Сатурн. Жер бетінде бес негізгі элемент бар. Олар: су, металл, от, ағаш және топырақ. Адамда бес негізгі сезім мүшесі бар, бес негізгі мүше бар. Негізгі бес түс бар, бес дәм бар. Бал ашу кезінде бестік императорлықты білдірген. Шарықтау шегіне жетудің белгісі. 5 саны ауқатты, күшті, белсенді де сабырлы және биіктен көрінер сан болып есептеледі. Сондықтан оны белеске теңейді. Қытайша «бес» сөзінің омонимі «ештеңе де емес, бос» деген ұғымды білдіреді. Жалпы, қытайларда ерекше көңіл мен сипатқа ие негізгі сандар осы бес сан болып табылады. Өйткені бұлар он екілік циклдің негізгі іргетасы делінеді. «Бес» санын қытайлықтар өте жақсы көреді және негізінен бөлікке түсен заттарды бес бөлікке бөлуді дұрыс санайды. Мысалы: көне дәуірдегі аспанұлы, яғни патшаның ордасына бес есік салу, аспанға тасаттық, яғни құрбандық шалудағы бес ғұрып сынды салттары бар. Қытай елінде табиғаты күшті “wuyaoshan” «бес ғажайып тау» бар, суға келер болсақ “wu hu” «бес

көл» бар. Жануардан “wu chong” «бес құрт» бар, тіпті адамның өзі бес санынан айырыла алмайды. “Wu guan” «бес мүше» және адамның көзі бес түрлі түсті көре алады, құлақ бес түрлі дыбысты ести алады, мұрын бес түрлі иісті иіскей алады. Адамның аузы тамақ жегенде бес түрлі заттың дәмін сезе алады. Кішкене кезден бастап бес ғұрыпты үйренгенде кейін бес бақытқа ие боласың делінеді қытайларда. Қытайда білімі бар адамды мақтағанда «білімі бес машинадай» деп айтады, жігерлі адамды айтқанда «бес қап күрішті көтерсе де белі иілмейді» деп мақтайды, бір адамға таңғалғанда: «бес денем жерге кіріп кетті» – деп жеткізеді. Сондықтан да бес саны қытайлар үшін қасиетті. Бес санын қытайлар “zhong” «ортасы» деп түсінген, бұлай айтуының себебі біз сан санағанда бірден тоғызға қарай санаймыз. Одан кейін сандар қайталанып отырады. Бірден тоғызға дейінгі сандардың ішінде ең кішісі бір, ал ең үлкені тоғыз, ортасы бес, үлкен де, кішкене де емес, дәл ортасына орналасқан. Сондықтан қытайлықтар «бес» санын жақсы көреді, жақсы қолданады. Мұндай көзқарас 2000 жылдан бұрын «Жоу И»-дан көруге болады. Бұрынғы адамдардың ойынша, сан жұп сан және тақ сан болып екіге бөлінеді. Ал бес саны осы тақ саны мен жұп санының ортасында. Ал тоғыз саны ең үлкен тақ саны деп білген, ол негізінен биліктің ең мықтысын білдірген, орны ең жоғары. Сондықтан патша жақсы көрген және өзін тоғыз сан сияқты құдіреттімін деп білген. Қытай мәдениетінде бес санының өзіне тән ерекшелігі бар екенін көруге болады.

6 саны 6-дан 12-ге дейінгі сандар осы негізгі бестіктің қайталанып қосылуы болып саналады. Дегенмен, олардың да өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, 6 саны дыбысталғанда «байлық» дегенді білдіріп, құрмет тұтатын сандар қатарына кіреді [5,70 б.].

7 санына ерекше көңіл бөлінетін себебі, ол өміріміздің негізгі циклі – аптаны, сол апта ішіндегі жеті күнді білдіреді.

8 саны да дыбысталуының арқасында ерекше құрметке ие. Оның омонимі – «гүлдену». Екі «өлімнің» (төрт) қосындысы соңында бәрібір де «гүлденуге» жетелеп әкеледі [6,90 б.]. Бұл – қытайлардың ең сүйікті саны. Сондықтан «Арты

гүлденуге әкелсін» деген ниетпен 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасының ашылу уақыты 8-ші айдың 8-ші жұлдызы, сағат 8-ден 8 минут 8 секунд өткен мезгілге белгіленді.

Қытай халқы 9 санын қасиетті сан деп санайды. Қытайлардың жер бетіндегі ең көп халық саналуы бір жылдары болған демографиялық дүмпудің арқасы екені анық. Ал осының қосалқы себептерінің бірі олардың өздерін баптап, күтінуінің арқасында қол жеткізген ұзақ өмір сүру үрдісі екендігіне дау жоқ. 9 санының омонимі – «ұзақ өмір». Кейбіреулер мұны қасиетті сан деп санайды.

Қытайлар 10 санын аса құрмет тұтпаса да, оған да айтарлықтай көңіл бөлінеді. 10 қандай да бір құбылыстың аяғын, соңын білдіреді. Санақ циклінің соңы. Құрамы бір мен нөлден тұрады. Яғни ұлы бастамамен (1) басталса, аяғы бос кеңістікке (0) әкеліп соғады. 5-тің екі рет қайталануынан шыққан сан нәтижесінде ештеңеге әкелмейді [6, 102 б.]. Міне, әдетте соншалықты маңыз берілмей, өз жөнімен қолданыла беретін сандардың бәрінің мән-мағынасы бар екен.

Қытай мемлекетіндегі сандардың пайда болуы туралы ғалымдардың, ойшылдардың айтқан сөздерін негізге ала отырып, Қытай нумерологиясының даму тарихына жалпы сипаттама береді. Сол арқылы Қытай нумерологиясының даму тарихы нақты мәліметтермен тиянақталып, қызықты мағлұматтармен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

- 1 Lizhi Jiang. Shen mi de shuzi. – Shanghai: Shang wuyinsheguan, 1999 nian. – 487 б.
- 2 Liuqing Long. Shen hua shuzi. – Beijing: zhishichubanshe, 2003 nian. – 256б.
- 3 Huang Hua. Shuzi de yi yi. – Beijing: Beijing daxue chubanshe, 2000 nian. – 298б.
- 4 Wang Wei. Shuzi zai zhong guo. – Shanghai. Huadongshifandaxuechubanshe, 2000nian. – 501б.
- 5 Li Xue. Shuzi de wen hua. – Jilin. Jilindaxuechubanshe, 2002 nian. – 756б.
- 6 WangqiaoPeng. Shuzi li de zhong guo wen hua. – Beijing. Tuanjiechubanshe, 2005 nian. – 609б.

Р.О. Досымбекова

Формирование нумерологии в китайском языке

В данной статье рассматривается формирование нумерологии в древнем Китае на основе исследований ученых и мыслителей, что делает историю китайской нумерологии точной и интересной.

Ключевые слова: нумерология, Пифагор, цифра, небо, земля, знак, цифры, даос, планета, Единорог, Феникс, Панголин, Вавилон.

R.O. Dossymbekova

Formation of a quantitative system in China

This article reviews the history of numerology in ancient China. It considered detailed and separately the numbers 1 – 10, also provides definitions and examples. We give a general description of the history of numerology in China based on studies of scientists and thinkers. It makes history of Chinese numerology complemented by accurate and interesting information.

Keywords: numerology, Pythagoras, the number, the sky, the earth, a sign, a digit, a Taoist, a planet, Unicorn, Phoenix, Pangolin, Babylon.